



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

2026-2027 оқу жылына МАГИСТРАТУРА білім беру бағдарламаларына қабылдау

ҚазСТА магистратурасына қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады:

Білім беру бағдарламалар тобы		Білім беру бағдарламасы		КТ			
Код	Атауы	Код	Атауы	КТ жалпы пәндері		БББ тобының пәндері бойынша	
7M01 - Педагогикалық ғылымдар							
M005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	7M01401 (ғылыми-педагогикалық бағыт)	Дене шынықтыру және спорт	Шет тілі	Оқуға дайындығын анықтау	Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
M005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	7M01402 (бейіндік бағыт)	Дене шынықтыру және спорт	-	-	Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
7M11 - Қызмет көрсету							
M147	Туризм	7M11101 (ғылыми-педагогикалық бағыт)	Туризм	Шет тілі	Оқуға дайындығын анықтау	Экскурсиятану	Туризмология негіздері
M154	Спорт	7M11501 (ғылыми-педагогикалық бағыт)	Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару	Шет тілі	Оқуға дайындығын анықтау	Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі	Дене шынықтыру және спорт менеджменті
M154	Спорт	7M11502 (бейіндік бағыт)	Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару	-	-	Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі	Дене шынықтыру және спорт менеджменті

Магистратураға түсу емтихандарын өткізу тәртібі

Компьютерлік тестілеуге магистратураға түсушілердің өтініштерді қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының <https://app.testcenter.kz/auth/> сайтында жүзеге асырылады, мемлекеттік грантты тағайындау конкурсына қатысу және білім алушылар қатарына қабылдау ҚазСТА қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Өтініштерді қабылдау мерзімі жылына 2 рет жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 08 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін.

Кешенді тестілеу (КТ) келесі мерзімдерде жүргізіледі:

1) күнтізбелік жылғы 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылғы 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Магистратураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

1) күнтізбелік жылғы 15 тамызынан 28 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсетін тұлғалар шет тілі бойынша тестті (таңдау бойынша Ағылшын, Неміс, Француз), білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті, таңдау бойынша қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын кешенді тестілеуді тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін **бейінді магистратураға** түсуші тұлғалар таңдау бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде оң жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

Шетел азаматтарын білім беру гранты негізінде бөлінген квота бойынша мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық ЖЖОКБҰ-ларға қабылдауды ЖЖОКБҰ дербес жүзеге асырады.

ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдарға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

Білім беру бағдарламаларының топтарының профилі бойынша тест:

M005 – Дене шынықтыру педагогтерін даярлауға: «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі», «Педагогика» пәндер бойынша тестілеу кіреді.

M147 – Туризм: «Экскурсиятану», «Туризмология негіздері» пәндер бойынша тестілеуді қамтиды.

M 154 – Спорт: Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі, Дене шынықтыру және спорт менеджменті пәндер бойынша тестілеуді қамтиды.

Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

ағылшын тілі:

IELTS Academic (International English Language Testing System Academic) – 6,0;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test) - 60;

неміс тілі:

DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang) – B2;

TestDaF-Pruefung – B2;

француз тілі:

TFI (Test de Franzais International™) - B2 оқу және тыңдау бөлімдерінде;

DELFB (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2;

DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) - B2;

TCF (Test de connaissance du franzaais) – B2.

Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша, оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін **бейінді магистратурада** тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша, оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің

70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін, кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін, кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

КТ-ны тапсыру кезеңінде оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Магистратураға түсу кешенді тестілеу нәтижелері бойынша (75 балл және одан жоғары) түсетін тұлғалар ЖОО-ға келесі құжаттарды тапсырады:

1. Ұйым басшысының атына өтініш;
2. Транскриптімен жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа + көшірме);
3. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқа + көшірме);
4. Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы және еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
5. 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
6. 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
7. КТ тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі;
8. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізбесі (болған жағдайда);
9. Шет тілін білуін растайтын сертификат (болған жағдайда).

(Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге олардың түпнұсқалары салыстыру үшін ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады. Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды).

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ магистратураға кешенді тестілеуге арналған 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест *	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40	7
Барлығы			130	150	75

*ДШЖС БББ түсу үшін тапсырылады: 1. Педагогика 2. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі

** Туризм БББ түсу үшін тапсырылады: 1. Экскурсиятану; 2. Туризмология негіздері

*** Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару БББ түсу үшін тапсырылады: 1) Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі; 2) Дене шынықтыру және спорт менеджменті.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бейіндік магистратураға кешенді тестілеуге арналған 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест *	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40	7
Всего			50	70	30

*ДШЖС БББ түсу үшін тапсырылады: 1. Педагогика 2. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі

** Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару БББ түсу үшін тапсырылады: 1) Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі; 2) Дене шынықтыру және спорт менеджменті.

КеАҚ ҚазСТА Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, аккредиттеу, рейтинг және біліктілікті арттыру бөлімі (ЖООКБАРЖБАБ), Абай даңғылы, 85, 111 каб., 8727- 292 -30-07, 292-34-43